

"Межрегионэнерготранзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 177 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 қарашада № 9537 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Межрегионэнерготранзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне электр желілерін мен тораптарын жүргізу мен пайдалану мақсатында Қарасу ауданының аумағында орналасқан, жалпы алаңы 29,1971 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қарасу ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімі

В. Радченко